

ұлдарды да, аналардың көз жасын да еске алды. Өлең жолдары, құдды жаңбыр тамшылары сияқты, адами әлсіздіктерді аяусыз жалаңаштап, сыртқы дүниенің нәзіктігін сезіндіргендей, қарт адамның жанын жаңғырта тазартып жуды. Оның егде тартқан жасында байлық жүректегі бос орынды енді толтыра алмайтын; бұрынғы өкініштері жақынның жан зарына құлақ түруге мәжбүрлейтін. Ал ақиқат болса, бейне бүкір кемпір сияқты, өткендегі қателерді толайым еске салып, соңынан қалмай қояды. Ахмет өз өлеңін оқыған кезде оның ақ қырау шалған басына осындай ойлар келген-ді.

Келесі күні шайық Жүсіп Хамадани Арыстан Баб ұстазбен әңгімелесті.

– Шәкірттерің қандай мақтауға да лайық, қадірменді Арыстан Баб. Олар енді, құстар сияқты, қанаттарын қағып, жер бетін шарлап ұшып кетеді. Тек солардың ішінде бір балғын жас бар, – ол бөгеліңкіреп қалды, бірақ ұстаз шайықтың кімді айтып тұрғанын бірден білді. – Әңгіме сол жайында. Жақында мен Меккеге жүрмекшімін, сонда өзіммен бірге Ибраһим оғлы Ахметті ала кетпекші ойым бар.

Арыстан Баб:

– Өте дұрыс шешімге келіпсің, құрметлу Жүсіп, бұл жеткіншек өзінің ұстазынан озып кетті. Оған енді менің үйретерім жоқ. Жолға жиналсын! – деді ақ-жарқын көңілмен.



## Ғалымтасу

Сонымен, Ахметтің жаңа ақылшы ұстазбен сапарға аттанатыны шешілді. Тағдыр оны отбасынан ғана емес, қимас адамдарынан да айырды. Арыстан Баб өз шәкіртіне қарапайым сөздермен ақ жол тіледі:

– Ұлым, – деді ол, – сенің білімің адамдарға көп жақсылық әкелетініне мен сенемін. Тек өзіңді жат жерге жіберіп жатқаным үшін жүрегім ауырады. Бірақ саған ұлы міндет артылып тұр. Аспан әлемінде самғайтын құсты қолдан шығармауға дәтім жетпейді.

Ахмет ұстазымен және сайыпқыран сарбаз даңқына ие болу үшін туған жерге бет түзеген Тәлхизбен қоштасқанына қатты мұңайды. Бірақ бұл мұң алдағы сапарға байланысты қуанышты толқумен араласып кетті.

Бірнеше күннен кейін шағын керуен қаладан ілбіп шықты. Түйелер дағдысынша ауыр теңдерді теңселте тартып, күнгеі батысқа бет түзеді. Жол Оғыздар мемлекетінің астанасы Жаңакент қаласына соғып, одан әрі Қызылқұм арқылы Хорезмге асатын. Барлық жерде атақты уағызшыны құрметпен қарсы алып, асқан қонақжайлықпен сыйлады. Бірақ Жүсіп Хамадани аса қанағатшыл еді. Ол көбінесе асын қарапайым көшпенділермен бөлісіп, солармен асықпай әңгіме-дүкен құратын.

Ахмет дүниенің төрт тарабы жайлы ұстаз әңгімелерін қызыға тыңдап, ойша алыс өлкелерге сапар шекті. Оның бай қиялында құпия уәлаяттардың әсем суреттері – оңтүстіктегі пілдер патшалығының (Үндістан), батыстағы асылзаттар патшалығының (Иран мен Византия), терістіктегі сәйгүлік тұлпарлар патшалығының (Түрік қағанаттары), шығыстағы адамдар патшалығының (Қытай) байтақтары бейнеленді. Сөйтіп, ол қытай императорларын, түрік хандары мен үнді брахмандарын, сондай-ақ парсы шахтары мен рим императорларын көзге елестетті. Жүсіп Хамадани ұлы шаһар Самарқан мен Құшания кенті жайында да әңгімеледі. Онда қабырғалары әшекей суреттермен безендірілген ғимарат бар екен. Осынау көңілді арбаған әрі үрейлі сапарда Ахмет

жаңадан көп қызықты жайларды білді. Ұстаз өзінің жаңа шәкіртін бірден жақсы көріп, оның таным-білігі мен адамды елжірей сүйетіндігіне таңырқады. Ахметтің әуен-сазбен әуестенетінін әрі әдемі даусы барын білген Жүсіп Хамадани оған Шығыс пен Батыс елдерінде қабырғалық өрнек-суретпен қатар, саз бен би өнері де кең таралғанын айтып берді.

Бірақ ұстаз Мұхаммед пайғамбар туралы, оның адамдарға қалдырған өсиет-хадистері туралы көбірек әңгімеледі. Әділеттілік жайында пайымдай келе, менменшілдікті айыптады, кішіпейілділік пен ұстамдылыққа ықылас білдірді.

– Нұр-шапағат пен ұлық білім кемшіліктерден азат адамның ғана еншісі болмақ, – деп ол әрбір орайда айтып отырды.

Ахмет сопылық\* мектебінде тиянақтап оқуы тиіс екендігін білетін. Қожа Жүсіп әл-Хамаданидің діни-адамгершілік ілімі осылай аталды. Албырт жүректі жас өренге осы ағымның аңсар тілектері жақын болды. Ол тұтас халықтың адами-ізгілік қағидалары соның негізінде қалыптасатынын түсінді.

Кішкентай керуен жолда ұзақ жүрді. Аптап күн дәл төбеден аяусыз күйдірді. Шаршаған жануарлар оқтын-оқтын тоқтай берді. Танауларын желбіретсе, аңызға ауаны жұтқан олар таяу маңда су қоймасының бар-жоғын білуге талпынды. Ақыры, алдан әлдебір қоныс-мекен көрінді. Соған қуана жақындап келген жолаушылар жылаған әйел дауыстарын естіді. Баспаналардың қасында әр жерде ыдыс сынықтары, киім-кешектер мен түрлі үй мүліктері шашылып жатыр.

Таяудағы киіз үйден жас әйел шықты. Бейтаныстарды көре сала ол түрлі-түсті қайырмананың ар жағына кіріп кетті. Біршама уақыттан соң табалдырықтан қарт кісі көрініп, жүргіншілерге қадала қарады, кішкене көздері көріліктің сараң көз жасынан қызарып кеткен екен. Таяғына сүйенген ол сол орнында тапжылмай күтіп тұрып қалды.


– Жерің жомарт, малың көп болғай! – деп сәлемдесті оған ұстаз. – Қандай пәле үйіңе тап келген?


Қария қолын көтеріп, басындағы бөркін түзеді де:

– Бұдан былай менде жер жоқ, ал малым бөтен өрістерде жайылып жүр. Сендер алыс жақтан жақсылықпен келдіңдер

*\*Сопылық – VIII – IX ғасырларда пайда болған, мұсылмандық жорашылдықты мансұқтап, аскеттікті уағыздайтын, исламдағы мистикалық-аскеттік бағыт.*







ме әлде жаман ниетпен келдіңдер ме, білмеймін, бірақ менің елімде енді алатын ештеңе қалмады. Ант атқыр Санташтың адамдары ауылымды шауып кетті. Момын көшпенділермен көршілік оған ұнамаса керек. Естимісіңдер, – ол дірілдеген қолымен үйлер жақты нұсқады, – бұл – тең емес шайқаста өз ұлдарынан айырылған аналардың жоқтау зары, – деп әлсіз дауыспен жауап берді.

Жүсіп Хамадани қабағын түйді, осынау шерлі баяннан оның қастарының арасына терең әжім түсті. Қатыгездігімен аты шыққан оғыз әскерлерінің бас сардары Санташ сахаралықтардың бейбіт қоныстарына жиі шабуылдап, малы мен жиған-терген дүниесін талап әкететін. Адамдардың қайғысы, бейне алау ұшқынындай, жүрегін күйдіріп өтті.

– Жер бетінде біз жақсылықпен келе жатырмыз, қадірменді бауырым, – деді ол ақырын сөйлеп. – Илансаң, сенің халқыңның қайғысы біздің де жанымызды ауыртады.

Қария еңкейіп басын иді, оның әлжуаз денесін көзге көрінбес салмақ жаншып басқандай. Ахметке ол өне-міне шөгіп құлап түсетіндей тәрізденді.

– Соңымнан еріңдер, қайырымды адамдар, – деді ол сәл үнсіздіктен соң.

Жас жігіттің жадында бұл ең ауыр күн болып сақталды. Астан-кестен етілген үйлер, шулап жылаған балалар мен аналар, күрсінген қариялар мен күйзеле томсарған еркектер. Ахмет дәрменсіздіктен жұдырығын түйді. Ол болып жатқан жайдың мәнісін түсінуге талпынғандай, ұстазына қарады. Алайда, ұстазы өзге бір ойдың құшағында үнсіз отырды.

Кешке, ерлер намазға жиналған кезде, Жүсіп Хамадани кенеттен үн қатып:

– Әйелдерді шақырыңдар, – деді.

– Олар бұл табалдырықтан аттай алмайды, – деп қарсылық білдірді отырғандардың бірі, – әйелдерге намаз оқуға тыйым салынған.

Елдің наразылықтарын басып, қолын көтерген уағызшы айтты:

– Олардың бүгінгі жалбарынған дұғаларын Алла тағала жердің астынан да естиді. Біздің қайғымыз ортақ һәм жеріміз ортақ. Менде оларды жұбатарлық сөз бар.



Ахмет отырғандарды көзбен шолып өтті – ешкім келіскен сыңай білдірмеді.

Шариғаттың қасиетті заңын бұзу мүмкін емес нәрсе. Бірақ осы арада мана жолаушыларды қарсы алған отағасы сөз алды:

– Таң сәріде үлкен пәле тап келіп, ошағымызды ойрандап кетті. Аналар күні бойы өз балаларын аза тұтып, зар еңіреуде. Мына дана кісі соларға бір ауыз сөз айтсын.

Киіз үйге әйелдер баяулап кіре бастады. Олардың беттері бүркеулі еді, Ахмет сонда да болса оларға қарауға батпады. Ол өз анасын – оның мейірім тұнған көздерін, аялы ыстық алақанын еске алды. Сонымен бірге мына бақытсыз аналардың алдында бойын билеген ыңғайсыздық сезімі тынышын кетірді.

Жүсіп Хамаданидің әуезді үні естілді:

– Бисмилла ир рахман ир рахим... Мейірімді де рахымды Алланың атымен...

Бұл аятты Ахмет жатқа білетін, қасиетті сөздерді сан мәрте қайталап айтқан. Бірақ оның бүкіл маңызы мен мән-мағынасын алғаш осы арада, кең даланың төсінде, мына бақытсыз адамдардың қасында отырып ұққандай. Ол солардың адам жауыздығынан қасірет шегіп мәңгірген, қыбырсыз мелшиген жүздеріне қарап, бұл жазықсыз жандардың пешенесіне тағы қанша қайғы тап келер екен деп ойлады.

– Махаббат-мейіріммен аялап өсірген өрен ұлдарымыз ұрыс даласында жау қолынан қаза тауып жатыр. Оларды жаужүрек жауынгерлеріміз деп қайғырып аза тұтамыз. Бірақ көзін бақталастық пен дүниеқоңыздық шелі қаптап, туған жерде бауырды бауыр бауыздаған кезде, жақын жандар бір-біріне азап тарттыру үшін содыр күшін көрсеткен кезде бүтін халықты ойлап қайғыруымыз керек. Адамдар қараңғылықта ғұмыр кешіп, жарық сәулені білмей өтуде. Сендердің жүректеріңе жаман пиғыл ұяламасын, көздеріңе қан толып кекпен қарауытпасын...

Ахмет ұстазын тыңдай отырып, адам өмірі құдды шымшытырық сүрлеулер сияқты деп ойлады. Оны үлкен жолдар кесіп өтеді, қисапсыз мал табындары таптайды, сөйтіп, ол

сүрлеуді қайтадан табу, тура жолдан адаспау, басқа жаққа бұрылып кетпеу қиынға соғады.

– Жауласу мен сенімсіздік қырғын мен бүліншілік әкеледі, – деді уағызшының соңында ұстаз, – ал сабыр мен кешірім шапағатты түсіністікке апарды.

– Кешірім жайын несіне айтасың, қайырымды адам? Аналардың қандай азап тартқанын қарасаңшы, солардың қасіретінен сенің жаның ауырмай ма?

Уағызшы бұл сауал жайлы ойға батып, әлгі кісінің көздеріне тура қарап, сөйлеп кетті:

– Менің де ұлдарым болған, тек олар қазір өз әкесінен, менен гөрі Алласына жақынырақ. Сен дұрыс айтасың, құрметтім, ана қайғысы шексіз. Бірақ әке жүрегі де қанды жасын төгіп жылайды. Дүрбелең заман болып тұр, қайда барсаң, көретінің – зорлық пен қатыгездік. Тек егер біз анау тұрпайы жендеттерге ұқсап кетсек – Алла бізден бетін бұрып әкетеді. Бүгін Санташ наһақ қан төкті, адамдар енді одан үрейленетін болады. Егер сен осылай жақындарыңның басына үрей үйірсең, бақытты өмір кешер ме едің? Онда кәпірден айырмаң қанша?

Дана сопының сөздері бейтаныстың көкейіне қонып, ол түні бойы өз өмірі хақында толғанып шықты. Ал таңертең жолаушылар аттанғалы жатқанда ұстаздың қасына келіп, мынадай сөздер айтты:

– Қайырымды адам, керуенге ілесуіме рұқсат ет. Сапар соңында ақиқатты біліп шығу үшін ауыр жолдың бейнетін өзіңмен бөліскім келеді.

– Бұл жолдың қашан аяқталарын һәм алдынан жолыққан ақиқатты адамның таныр-танымасын бір Алла біледі, – деп жауап қайырды дана. – Егер тілегің шын жүректен шығып жатса, жол бейнетін сенімен бөлісуге әзірмін.

Керуен осылайша оңтүстікке жылжи берді. Қыстақтар мен шағын ауылдарда аялдап, солардың бәрінде жұрт ұстазды зор ілтифат-құрметпен тыңдады.

Бір күні олар үлкен қаланың рабатына, бай көпес Әбу Рахилдің тұрғын-жайының қасына тоқтады. Қожайын атақты ұстаз әрі дін ғұламасы Жүсіп Хамаданидің келіп





жатқанын естіп, малайын жұмсап, жолаушыларды үйіне шақырып келуді бұйырды.

– Мерейің өсіп, шапағатқа бөлене бергей, құрметтім, – деп сәлем етті көпес ұстазға. – Сенің біліміңнің даңқы сахарада құстай самғап ұшып жүр. Менің жұпыны баспанамның мейманы бол.

Ұстаздың соңынан көпестің үйіне оның серіктері де кірді. Ахмет қымбат тастармен және тақташалармен өріле қаланған биік қабырғаларға, әсем кілемдер мен әшекей заттарға көз салды. Бір сәт өзінің баспанасын жұпыны дегенде қонақжай қожайын қулықпен айтты-ау деп ойлады.

Жолаушылар көп бөлмелердің біріне жайғасты. Мұнда оларды дәмді ас күтіп тұр екен. Малайлар бір-бірін байқатпай ауыстырып, түрлі тамақтарды ізетпен тартуда.

– Ардақты сопының менің үйіме келіп құрмет көрсеткеніне шексіз қуаныштымын! – Әбу Рахилдің бетіне күлкі жайылды. Домбыққан домалақ бетіндегі онсыз да кішкентай көздері одан сайын сығырая түсті.

– Жолда жолыққан жақсы кісі жолаушыға жан рахаты мен демалыс сыйлайды, – деп жауап берді ұстаз оның ілтифатына орай. – Жер бетінде жамандық көбейіп кетті, сенің үйіңе пәле-жала жоламасын.

Ахмет саудагерге қарап үнсіз отырды. Осынау адамнан әлдебір жалғандық сезілгендей. Бірақ жас өспірім өз беймазалығының сырына бойлай алмады.

Ұстаз қожайыннан кәсібі жайлы сұрап, анау саудасының жай-күйі мен өз шаһарының тұрғындары туралы ықыласпен баяндап берді.

– Малайларың көп екен, Әбу Рахил, сірә, мейірімді қожайын боларсың.

Көпес марқайғандай мырс етті:

– Менің адамдарым өз тұрмыстарына шағына алмайды, – ол жастыққа жантайыңқырап, ыңғайлана отырды. – Мен оларға жұмыс беремін, онсыз олардың жейтін тамағы да болмас еді. Мен шарифатты қастер тұтамын, құрметтім, адамдарды өз тілектерінде қанағатшыл әрі ұстамды болуға шақырамын, соныма түсіністік пен қолдау табудамын.

Жүрегі лас, арам ниетті адам бұл шаһарда бірден көзге түсіп қалады. Мұнда адам – адамға бауыр.

– Ауыздан шыққан лепесің қандай жақсы, Әбу Рахил. Сондықтан сенің адамдарың да өзіңді әділ қожайын ретінде құрметтейтініне таңданбаймын.

Жайлап өрбіген әңгімені қартаң малай келіп үзіп жіберді. Ол отырғандарға тағзым ете жақындап, еңкейіп, ақырын:

– Ұлы сопы, Сізге тәуіп Әбдухалат келіп тұр, – деп сыбыр етті.

Көпестің көзі сұстана жарқ етті:

– Мына кісінің көзінше мені ұлы деуге қалай дәтің барды, надан неме?

Малай мүлдем үрейленіп, бүкшиіп қалды:

– Кешіре гөр, қожайын. Молда жауабын тез берсін деп өтініп еді.

Ұстаз саудагерге жүзін бұрып:

– Мұнда біреу ауырушы ма еді? – деп сұрады.

– Жоғал көзімнен! – деп ысылдады саудагер малайға, сосын мейманға бұрылды:

– Ғафу етіңіз, құрметтім, кейде малайлар милау боп кетеді. Тәуіп, сірә, басқа бір шаруамен келген болар. Шақыр оны үйге, – деді ол әлгі кісіге. Анау жүгіре басып жөнелді.

Кішкенеден кейін табалдырықтан сидиған арық қартаң кісі көрінді, қолында бір түйіншегі бар. Ол амандасып, жақынырақ келді де:

– Сіздердің жүректеріңіздегі от өшпесін, әңгіме-дүкен құлаққа жағымды болсын, – деді.

– Өзіңді көргеніме қуаныштымын, Әбдухалат! – Көпес күлімдеуге тырысса да, көздерінен бұрынғысынша ашу ұшқындап тұрды. – Нендей мұқтаждықпен келгеніңді айтсаң екен?

– Далида кемпір маған малайды жіберіпті. Ол Саидтың әйеліне бола шақыртыпты.

– Далида? – деп таң қала қайталап сұрады көпес, иегіне шейін дірілдеп кетті. – Несі бар?! – деді тағы да тісінің арасынан сыздықтата сөйлеп. – Тәуіпті әйелдер жайына апарыңдар.



Көпес қайтадан қонақтарына бұрылды:

– Қызметші кемпір әбден алжасты, – деді ол бойын билеп алған ашуға ие бола алмай. – Осылай әр нәрсені сылтауратып, сыйлы адамдардың мазасын кетіреді.

Ұстаз қожайынға таңдана қарады:

– Ауру-сырқау әркімнің басында болады, бөлеге қашан тап келетінімізді бір Алла ғана біледі. Құран сол бейбақтарға жәрдем беруге үндемей ме?

– Дұрыс айтасың, құрметтім, тек бұл арада ешқандай пәлекет жоқ. Бұл малайлар жұмыстан қашу үшін не ойлап таппайды дейсіз.

Болмашы жәйт ұмытылып та кеткендей еді, бірақ қабырғаның ар жағынан әйелдің жылаған зарлы үні шықты. Аянышты зар бөлмеге лап қойып, отырғандардың бәрін абыржытып тастады.

Бөлмеге асыға кірген малай еңкейіп, қожайынға бірдеңе деп сыбырлады. Іле-шала тәуіп кірді, бет-әлпеті сұсты.

– Байғұс әйелге енді көмектесу мүмкін емес, мен тек азабын жеңілдету үшін дәрі-дәрмек бердім.

– Бәрі де Алланың еркінде, – деді көпес міз бақпастан. – Отыр, құрметтім, тағамнан дәм тат.

Ол ас толы дастарқанды нұсқап, молданы өздерімен бірге жайғасуға шақырды. Қожайынның жайбарақаттығына қайран қалған Ахмет атып тұрып, ұстазына қарады. Жүсіп Хамадани:

– Ауыр сырқаттың шипасын табу кейде қиын болар, – деді тәуіпке бұрылып.

– Дерт бүкіл денесіне жайылмай тұрғанда, бейшараны құтқаруға болады екен.

Көпес наразы түрде міңгір ете түсті:

– Ол әйел көп сөйлейді. Малайлар төсекте аунап жатқан сайын емшінің қызметіне ақы төлей алмаймын. Оның үстіне бұл Саидтың әйелі оңған қызметші емес еді.

Ұстаз орнынан оқыс тұрды. Мұны күтпеген көпес те жастықтан көтеріле түсіп, көздері мазасыздана алақтады.

– Біз әңгімемізді аяқтап па едік? – деп сұрады ол жарамсақтана.



– Иә, тіліңнен бал тамады екен. – Осы бір арсыз адамның қасында құдды ауа жетпегендей, ұстаз қалжыраңқы сыңаймен басын шайқады. – Тек сый-құрметің менің бойыма у болып тарап жатыр, жалған сопы. Жер бетіне, жарық дүниеге сен жәдігөй жүрекпен келген екенсің.

Көпес қызарып кетті, беті сиықсызданып, сұрықсыз түрге енді.

– Алланың маған берген билігімен...

– Алланың атын ауызға алма, көпір. Сен байлықтың буымен құтырғансың, адам өмірі сен үшін қара бақыр да тұрмайды. Біреуге ор қазсаң, сол орға өзің түсесің.

Бүкіл осы уақыт бойы қозғалыссыз тұрған тәуіп басын көтеріп, ұстазға қарап, кенет тіл қатты:

– Сізді өз үйіме шақыруға рұқсат етіңіз, мейірбан жан. Серіктеріңізбен ұзақ жол жүрген екенсіздер. Тынығып, әлқуаттарыңызды жинап алыңыздар.

Ахмет сыртқа шықты. Айналаға іңір жайылып, көкорай шөп қызыл кілемдей құлпырыпты. Сөніп бара жатқан шырақ-күн тойымсыз сахараға өзінің ең әсем бояу-нұрларын балқытып төгіп тұрған сияқтанды. Кенет қасынан әлдекімнің көмескі көлеңкесі қараң етті. Жас жігіт жалт қараса, алдында бір қыз тұр екен. Оның күлімдеген көздерінде ойнақы шуақ жайраң қақты.

– Мен сені көрдім, – деді ол, құдды бейтаныспен бұрыннан араласып жүргендей.

Ахмет таң қалды:

– Қайдан?

– Әкемнің үйінен.

Жас жігіт есіне қанша түсіргісі келсе де, ешкімнің үйінен ешқандай әйел затын көрген жоқ еді.

– Мен шымылдық астынан сығаладым, – деп қыз қамсыз-мұңсыз ағынан жарылды. Ахмет жымыды. Оған қыздың өз ойларын еркін айтқан ашықтығы ұнады.

– Атың кім? – деп сұрады ол беті дуылдай қызарғанын сезініп.

– Үнәр, – қыз күлімдеді, – ал сенің атың – Ахмет, – деп айтып алып, жүзін төмен салды. – Серіктеріңнің сені осылай атағанын естіп қалдым.



– Біреудің сөзін тыңдау, сыртынан аңду жақсы емес, – деп сөкті оны батылданған Ахмет. Әйткенмен, ол келесі сәтте болар жәйтті мүлдем күтпеген еді. Қыз кенет көзден ғайып болды. Ештеңе ұқпай дал болған бозбала үйге оралды.

Келесі күні таңертең керуендегілер сапарын жалғастырмаққа жиналып жатты. Ахмет те атын ерттеп, дайын бола бергенде жұмбақ қыз көз алдында қайта пайда болды.

– Сен ертегідегі перінің қызы сияқты, аяқ астынан ғайып болып, ойда жоқта сап ете қалады екенсің.

Үнәрдің жүзінде бұл жолы күлкінің ізі білінбеді, қайта мұң бары байқалды.

– Сен алыс жақтарға кетіп бара жатқан көрінесің, – деді ол әр сөзін соза айтып, бозбаланың көзіне тура қарап. – Мә, менің белбеуімді ал.

Ахмет өз таңданысын жасыра алмады.

– Белбеу? Әдетте, қыз сүйіктісіне орамал сыйлаушы еді, – деп қалжыңға сүйеді ол. Бірақ, кеше кенеттен ғайып боп кеткені есіне түсіп, қызға мейірлене қарады.

– Біріншіден, жас жігіттер орамал салмайды, ал менің белбеуімді өзіңнің атыңа байлап қоя аласың. Екіншіден, сен әлі менің сүйіктім емессің, – деді. Алайда сөзінің соңында үні мүлдем баяу шықты.

Ахмет қыздың қолынан белбеуді алып, оның саусақтарын алақанында ұстап тұрып:

– Рахмет, перизат, – деді.

Қыздың саусақтары білінер-білінбес дір ете түсіп, қолын босатып алды да, артқа шегініп кетті.

Үнәр ілбіген керуеннің соңынан көз алмай ұзақ қарап тұрды. Өзіне ұнап қалған жас жігіттің талай ұйқысыз түндерде оның риясыз сыйлығын жүрек тұсына басып сағынышпенен толғанатынын өжет қыз бұл сәттерде білген жоқ еді.

## Әмірлік таңдау

Әрбір мұсылман өз өмірінде әйтеуір бір рет Меккеге қажылық сапарын атқарып, шапағатты әл-Харам мешітіне қадам басуды парыз санайды. Мешіттің ауласындағы Қағба\* текшесінің ішінде исламда айырықша қастерленетін қасиетті қара тас бар. Аңыз бойынша, Алла Ыбырайым пайғамбар мен оның ұлы Ысмайылға зәмзәм сулы әулие құдықтың қасынан Қағба салуға бұйырады. Шамамен бір жарым метр биіктікте Хақтың құдіретін паш ететін, күміспен көмкерілген қара тас орнатылады.

Хамадани мен оның серіктері өздерінің бетке алған нысанасына қарай жылжи берді. Жолда көп қиыншылықтарды бастан кешті. Айналасын құм қамаған абат жазиралардан өткен жолаушылар Әмударияның төменгі сағасында мәмлүктерден құралған хорезмшах әскерімен ұшырасты. Ұстаз осы арада өз шәкірттеріне ұлы Хорезм әміршісінің тарихын айтып берді.

Бірде селжұқ әмірлерінің бірі құл базарынан Әнүштегін атты жас оғыз құлын сатып алады. Зейінді құл сұлтандар сарайында тез көтеріліп, ең жауапты лауазымдардың біріне – сұлтанның жуынатын жерлері мен монша жабдықтарының сақтаушысы қызметіне тағайындалады. Көп ұзамай Әнүштегін Мұхаммед хорезмшах атағымен Хорезм әміршісі болып шыға келді.

Өзінің осы бірінші сапарында жас Ахмет көп дүниенің сырына қанық болды, қалалар мен шағын қыстақтар тұрғындарының өмір салтын, олардың қуаныш-қайғы аралас тіршілігін танып-білді. Алуан түрлі адамдар ұшырасты, олардың арасында сүйсініс пен құрмет туғызған ақындар да, күйшілер де, жыршылар да болды. Күйінішті кездесулер де болмай қалмады – қарапайым адамдарды талай рет әккі саудагерлер мен алаяқтар алдап соғып, сүмелек сұмдар тонап кетіп, зар жылатқан жайттарды да көзімен көрді. Жолаушылар біресе әмірлердің сәнді үйлерінде қоналқалап, енді бірде аш құрсақ кедейлердің лашықтарынан пана тапты.

---

\*Қағба – Меккеде мұсылмандар тәуап ететін киелі ғимарат, исламдағы қасиетті орын.

Дін ғұламасы байлық пен кедейлік арасында айырма жасап алаламай, паналатқаны үшін байға да, кедейге де алғыс-рахметін бірдей айтты. Адамдар оның әділеттілік пен жақыныңның жанын ұғу жайындағы пайымдарын тыңдады, оның байыпты сөздеріне, ақыл-кеңестеріне ықыласпен құлақ түрді. Сопылық ілімнің негіздерін түсініп, күмәншіл адамдардың көкіректерінде ізгілік дәндері өркен жайды.

Керуен Меккеге келіп жеткенде сопылық ілім қағидалары Ахметтің санасына әбден орнығып алған болатын. Өзінің діни ұстазына ере жүріп, ол уағыздар мен өсиеттерді тыңдады, көптеген құрметті адамдарды көріп, солармен сұхбаттасты. Осы кездерде оның қаламынан жаңа шумақтар туды:


*Қамқор боп мүсәпірге, мейірді ойлан,  
Ар сақта, айырылма абыройдан.  
Шапағат күнін күтіп шыдамменен,  
Қаш аулақ қайырымсыз сұмырайдан.*


Осындағы мына қасиетті қабырғалардың қасында Ахмет бейне Алла тағаланың тынысын сезгендей болды. Уағыздар мен дұғалар оны қанағатшылдық пен тақуалық арқылы өзіндік кемелдену жолына шақырды. Дана сопылармен кездесу дарынды жастың одан арғы тағдырын айқындап берді. Ол тағдыр – адамдарға жаңа діни ілімді жеткізу, оны қалың көпшіліктің сана-сезімімен ұштастыру, өз өмірін адамның жан дүниесінің тазаруы мен кемелденуі, әділдік мұраттарына арнау.

Хақтың хақиқаты қалаулыларға ғана келеді деп халық тегін айтпайды. Міне, көптеген ғасырлар бойы адамдардың санасында қанағат ізгі қасиеттердің қатарына жатқызылады, ал дүниеқоңыздық пен тойымсыздық қатаң айып талады. Бізге ғасырлар қойнауынан ұлы ойшыл һәм ақын Ахмет Иасауи өсиет еткен ақиқаттар уақыт сынынан тексеріліп өткен, адамдар барлық замандарда оның даналығына бас иген.

Нақ сондағы Меккеге алғашқы қажылық сапарында Ахмет кейіннен өзінің «Диуани хикметіне», яғни «Даналық кітабына» кірген өлеңдерін жазды.







*Іздеймін панасыздар жүректерін,  
Ғаріп, бейбақ, жетімдер тілектерін.  
Масаттанып, паңданған кісілерден  
Тұра қаштым, көңілімді кірлетпедім.*

*Адамды көрсең егер қапаланған,  
Жарасар жазып дертін шипа болған.  
Жолға сал сондай ғаріп жолықтырсаң,  
Аспағай күнделікті ризық наннан.*

*Жалғыздың жүрегін баура – болса ақылың,  
Жарлы-жақыбай, жетімді ырза қылғын.  
Жарлы-жақыбай, жетімге қарасса кім,  
Қалдырмас рахметінен Құдай құлын.*

*Бергейсің барлық жұртқа жылы қабақ,  
Құп болар әз жаныңды құрбан қылмақ.  
Аз ғана талғажауың табылса егер,  
Парызың пақырларды асырамақ.*

*Халықтың жәрдемінен үміт етем,  
Біреулер әзәзілге еріп кеткен.  
Мүләйім сөз айтқанның бәрі алдамшы,  
Үлгі алма ондайлардан түпке жеткен.*

*Хақиқатты білгеннің сөздері асыл,  
Тәулиқтыға қызмет қыл, болмай басыр.  
Құрметтеп хақ жолында жүргендерді,  
Әділдіктен тайғанның жоқтауын асыр.*

– Ұстаз, біз қай жаққа бет түзедік?

Ахмет өзінің рухани жол сілтеушісіне мойын бұрды. Ол әлсіз-әлі мазасыз сықырлап ой-шұңқыр, жыралардан асып келе жатқан арбада жайлана жайғасып алып, үн-түнсіз ойға шомған.

Олардың қайтар жолға шыққанына да көп уақыт өткен. Қасиетті қабырғалар көзден таса болғалы қашан. Тек ұстаз Хамадани әлі де болса қалың ойдан арыла алмай келеді. Ол тыңдаған өсиет-уағыздарды қайта-қайта еске алып, құдды өз жанымен жаңаша сырласқандай, өз жүрегінің әміріне құлақ түрді.



Ақыры, басын бұрып, байсалды кейіпте сөйлеп кетті:

– Өз ғұмырымда көргенім аз емес: жалған дүниеде қайғыны да, қуанышты да серік еттім, өмір жолдарында көптеген жақсы адамдарды жолықтырдым. Ойларымның шаттығы – самсаған шәкірттерім жер бетіндегі сапарымды мағынаға толтырғандай. – Ұстаз ауыр күрсінді де, бейне әр сөзін салмақтағандай, ойын баяулай жалғастырды. – Сен әкеден ерте айырылдың, Ахмет, бірақ тағдыр маған сенің табыстарыңа қуану һәм сені өзімнің туған ұлымдай мақтан ету мүмкіндігін сыйлады. Өзің көз жұмған соң жолың үзіліп, арам шөп басып кетсе, тар сүрлеуді өмірдің даңғыл жолына айналдырып, баулыған шәкірттерің ізіңмен жүрмесе, міне, ұлым, ұстаз үшін ең қасіреттісі сол болады.

Ахмет дүлей тағдырдың өзінен әкесін тартып алып, сол шығынның орынын дана ақылшыларға жолықтыру арқылы толтырғаны жайында ойлады. Ол ұстазын зейін қоя тыңдады, жолдарымыз ажырасады-ау деп ойласа-ақ, жас жігіттің жүрегі сыздап қоя берді.

– Біз Бұхараға, менің Отаныма барамыз, – деді ұстаз, – сонда менің жолым аяқталып, сенің жолың басталады.

Кемеңгер сопы көзімен көкжиекті шола, үнсіз қалды. Алдан шағын қыстақ қараңдады. Әлденіп, аттарды тынықтырып алу үшін осында түнемелге тоқтау ұйғарылды. Қыстақтың ортасымен жүріп келе жатқан кезде жолаушылардың бірі көшенің бас жағынан әлденендей қыбыр-жыбырды байқады:

– Құрметті шайық, қараңызшы, алда салт атты жасақ, – деп басымен ымдай изеді ол.

Шынында да, бір үйдің алдынан адамдар қоршап алған салт аттылар көрінді. Сірә, сол арада бірдеңе болған сияқты. Бұлар жақындап үлгерместен, топырлаған жұрттан бір адам бөлініп шықты да, бір жолаушының атының шаужайына оралды. Ол салт аттының аяғынан құшақтап, жалына тіл қатты:

– Қайырымды адамдар, кәрі кісіні қорғай көріңдер, көмектесіңдер, жалынамын! Алланың құрметі үшін, менің қасіретіме аяныш етіңдер!

Бейшара үнсіз еңіреп селкілдеді.







Ахмет аттан секіріп түсті, бейтаныстың үздік-создық шыққан қарлығыңқы даусы оған сондай таныс сияқты боп көрінді. Ол қарияға келіп, иықтарынан ақырын ұстады да, жерден көтеріп тұрғыза берді. Осы кезде жүргіншілерді бір топ салт атты қоршап алды. Біреуі мүлдем жақын келді. Өзі жас болса да, жалпия семіріп кеткендіктен, егде көрініп тұр. Ахмет оның үлделі-бұлделі киіміне, жылтырай жылмиған бет-пішініне көз салып, тұнжырай қалды. Бұл еркекті де ол бір жерден кездестірген.

Ұстаз қарияның қасына келіп:

– Құрметтім, атың кім? Қартайған шақта қандай бақытсыздыққа ұшырап жүрсің? – деп сұрады.

Бейтаныс басын көтеріп алды. Ахмет оны сол сәтінде-ақ жазбай таныды. Оның алдында кір-қожалақ, жалба-жұлба киіммен, үсті-басын шаң басқан бір кездегі паң да өктем көпес Тініш тұрды. Жас жігіттің есіне өзінің туған қаласы, базар алаңы және бір уыс бақыр теңгеліктерге бола басын қатерге тіккен бақытсыз балғын биші түсті.

– Қайтесіңдер оны, жолдарыңнан қалмаңдар және біздің әңгімеге килікпеңдер! – деген жалпақ бет еркектің даусы шықты.

Ахмет бір кездері қорғансыз мүскінге үшкір жебені заулатқан оның быртыған қолдарын бірден таныды, сосын назарын шалға аударды. Жас жігіттің жүрегі сыздап қоя берді. Алыста қалған сол бір күнгі оқиға көз алдына келіп тұра қалды. Сонда жазықсыз бейшараның көз жасы оның көкірегінде мұндай адамдарға деген жеккөрінішті оятқан болатын.

Ахмет өзін әлі де болса әлсіз саусақтарымен қармалаған шалды еріксіз қоя берді. Бірақ осы сәтте ұстазы сөйлеп берді де, жас жігіт өзінің көңілсіз естеліктерінен құтылғандай болды.

– Үлкен кісіге мұндай дөкірлік көрсетуге қалай дәтің барады? – Шайық озбырлыққа қарсы ашу-ызасын билей алмай, салт аттыға жетіп барды. – Бұл қылығыңды қазір сенің әкең көрсе, ол қайғыдан су қараңғы соқыр боп қалар еді.

Ахмет осынау сөздердің зіл салмағынан кенет жерге кірердей бүгіле шөгіп қалған шалға көз тікті.

– Менің әкем сендердің алдарыңда тұр, – деп мырсылдай жауап қатты еркек. – Қара, соқыр болған түгі жоқ. Өйткені, өмір бойы өзі басқаларды зар еңіретіп өткен.

Ұстаз түнеріп кетті:

– Өзіңді туғызған әкені айыптау – кәпірдің Құдай тағалаға тіл тигізгеніндей, үлкен күнә!

Тініш тәлтіректеп тұра алмай, жерге шөкті. Басын шайқап, зорланған даусы шықты:

– Аш қасқыр тәрізді өз әкесін жұлып жесе, мұндай тажал ұлды өз сорыма асырап өсірген екем.

– Сірә, оны басқа азықпен асырасаң керек, – деп Ахметтің аузынан назалы сөздер еріксіз шығып кетті.

– Мен оның басына жұмақ орнаттым, ішкені алдында, ішпегені артында болды. Ештеңеден таршылық көрмеді. Енді, міне, қарақшыларға керуенімді тонатып алғаннан кейін мен оған керексіз болып қалдым. Мені сыйлауды қойды. Ал енді мүлдем үйден қуып жатыр.

Көпес орнынан әрең тұрып, көше бойлап тәлтіректей жүріп кетті. Атын бұрған ұлы да солай қарай бет түзеді. Әкесін шаң қаптырып артында қалдырған ол көп ұзамай көзден ғайып болды.

Ахмет олардың соңынан қарап қалған, ол енді өз бойынан осынау бейшара адамдарға ешбір өштік сезінбеді.

Ұстаз да сол жолға көз тіккен. Алыстап бара жатқан шалдың аяғының асты алаулап жанатындай. Содан кейін өз серіктеріне бұрылып:

– Қариялары мен балалары бірін-бірі сыйлап, бірге қуана білетін халық қана бақытты, – деді.

Қалаға үш күндік жол қалғанда, Ахмет бір бөлеге тап болды. Сол заманда көшпелі қоныстардың халқы бос жатқан жерлер үшін Хорезм шахының әскерімен қанды ұрыстарға тартылған-ды. Жолаушылар өздерін шабуылдаушылардан қорғануға мәжбүр болды, сөйтіп, өжет жас жігіт арқасынан сойып түскен семсермен жараланды.

Сол бір ауыр күндердің оқиғалары Ахметтің есінде күңгірттене бұлдырайды. Ол есін жия алмай ұзақ жатты. Әйтеуір, серіктерінің қамқорлығы мен ем-домның арқасында беті бері қарады.

Жас жігіт не болғанын есіне түсіруге тырысып, көзі жұмулы, сұлық жатыр. Иығы от боп жанады, құдды денесіне қызған темір басып жатқандай. Науқастың бірінші естігені – қалың жабудың сыртында бір сарынды баяу әнге басқан жаңбыр тырсылы. Содан кейін құлағына киімнің сыбдырлағаны және біреудің ақырын күрсінгені жетті.

Ахмет көзін ашып, өзіне үңілген қыз дидарын көрді. Қорғасындай қос бұрым етіп өрілген ұзын шаштар мұның бетіне тиіп қытықтады, үлкен көздер таңырқай жыпылықтады, ақыры, таныс ойнақы отпен ұшқын шашты.

– Үнәр, – деп сыбырлады әлі ештеңе түсінбеген Ахмет, – сен мұнда қайдан келіп қалғансың?

Қыз күлімдеді.

– Таныс белбеуді көрдім. – Ол белбеуді қыса ұстаған қолын жоғары көтеріп, күліп жіберді.

Қыз әкесімен бірге Бұхарадан өз кенттеріне қайтып келе жатқанда, тәуіпті жараланған жас жігітті емдеуге шақырған екен.

– Ұстазың сен үшін қатты мазасызданды, – Үнәр қулана басын еңкейтті. – Сенің өлең шығаратының рас па?

Ахмет қыздан көз алмай қарай берді, бір тыныш та жақсы күйге түсті.

Қыз, бейне күн сәулесі сияқты, мына қараңғы бөлмені өзінің ұмытылмас күлкісімен нұрландырып жіберді.

Қатты төсеніште жатып, сыздаған жарасын елең қылмай, жас жігіт түнде өлең жазды. Бұл өз сүйіктісіне арнаған алғашқы махаббат шумақтары болатын.

Алдын ала айтып қойсақ, бұл екі жүректің сиқырлы сезімдері ұлғайып, қатайған қанаттарын жайып, ғашықтардың өмірін көктемнің нұрлы бояуларымен жайнатқанға дейін әлі де талай уақыт өтер еді. Ахмет пен Үнәрдің пешенесіне қиындыққа толы ұзақ та бақытты жолды жүріп өту жазылды, олар өз балаларына махаббат пен даналық, ізет пен мейірім сыйлады.

Бұхара ересек тартқан Ахметті жаңа қиындықтармен қарсы алды. Бірақ дарынды жас өмір сынақтарын қайсарлықпен жеңе білді. Ол көп уақытын кітап оқумен өткізіп, тарих пен пәлсафаны зерттеді, діндарлармен кездесіп,





өз күшін иландыру өнерінде сынап байқады, сопылық ілім ақиқаттарын уағыздады.

Шайық Қожа Жүсіп әл-Хамаданидің басшылығымен сопылық оқуын (өзін-өзі діни-адамгершілік кемелдендіру) тамам қылған Ахмет, ақыры, одан гершат алды. Бұл ақиқатты танудың сопылық жолы – тарихатқа енді өзі үйрете алатын құқық еді. Бірақ тағдыр оған тұтқиылдан тағы бір соққы жасады – сүйікті ұстазы һәм ақылшысы қайтыс болды. Оның жүрегінен иірілген тағы бір өрмек жібі үзіліп, қанды ізін қалдырды. Алайда, ұстаз ықпалы, оның діни ұстанымдары сүйікті шәкірттің өмірлік таңдауын бұл кезде айқындап қойған болатын.

Ибраһим Атаның ұлы Қожа Ахмет өз ізашарларының ісін жалғастыру үшін туған еліне бет түзеді. Ешқандай сыртқы кедергілер енді оны тоқтата алмайтын еді.

Сопылықты уағыздап, ойшыл көбіне-көп қара басын қатерге тікті. Соған қарамастан, өз мақсатына қарай нық сеніммен жүре берді. Мұны өзінің айтқан мына сөздері айғақтайды:

*Егер, тіпті, айырылсам да басымнан,  
Енді қайтып осы жолдан айныман.*

## Армен үйлесім тапқан

Ғлы ойшыл һәм ақынның кейінгі өмірі Иасы қаласымен байланысты болды. Кейінірек ол Түркістан деп аталды. Қаланың аты Қожа Ахметтің есіміне қосымша боп тіркелді.

Туған еліне келген соң жаңа бастаған уағызшы шайық медресе ашып, ұстаздық етті. Осы кездерде ақын өзінің «Диуани хикмет» кітабын («Даналық кітабы») жаза бастайды. Ол Қожа Ахметтің негізгі рухани мұрасы болып табылады. Бұл кітапта ол сопылық ілімнің негіздерін баяндайды, тіршілікке қатысты түрлі ақыл-кеңестер айтады, байлықтың опа бермейтіні жайлы пайымдайды һәм әділдікті қорғап толғанады.

*Жас пен кәрі жоғалтқан ар-ұятын,  
Арсыздық бұзды және әйел затын.  
Расулдың иманыңды сақта деген  
Өсиетінен ойсыз жұрт қалды мақұрым.*

*Қарындас қарындасқа жаны ашымас,  
Хан менен уәзірлерден қайыр болмас.  
Намазға ешкімнің де бейілі жоқ,  
Халықтың өмірінде шаттық қалмас.*

*Ақырзаман таянды, амалың жоқ,  
Сөзінде Қожа Ахметтің ақиқат тек.  
Көтермейді ол өзін, мақтамайды,  
Сөксе де халқын, айтпас жаман тілек.*


*Жұрт оқып тыңдар менің жырларымды,  
Жырладым кәусар таза нұр жанымды.  
Безбұйрек, тас жүректі жырмен шалып,  
Аядым жетім менен кембағалды.*

– Ұстаз, ұстаз!

Айқайға мазасызданған Қожа Ахмет аулаға шықты. Сопының жас көмекшісі Әділ жүгіре басып келеді екен. Үрейлі түрмен еңтіге тыныстайды:

– Ана жақта ел жиналып қалды, – деп ол қолымен көшені нұсқады. – Олар ашулы, сабақты доғарсын дейді.





Бойын қорқыныш билеген көмекші шеткерек ығысып, ұстазға жол берді, сосын өзі ақырын оның соңынан ілесті.

Қожа Ахмет қалалықтардың наразы дауыстары шығып жатқан қақпа сыртына қадам басты. Адамдарды көзбен шолған ұстаз тобырдың арасынан сұлтанның бірнеше жасауылын байқады. Сірә, мәртебелі Ғамал әл-Мұраз өзіне тиімсіз болғандықтан, шайықтың істеріне кедергі жасамаққа ұйғарса керек. Ол көптен бері елді оның уағызына қарсы қойып жүрген.

– Құрметті ұстаз, – деді алға шыққан кәрі Тынышқұл, – қожайын бізге сабақтарға келуге тыйым салды, ол өз бұйрығын тыңдамағандарды жұмыссыз қалдырам деп қорқытуда. Ол сенің ілімің бүкіл халық бас ұрған шарифатты бүлдіреді дейді.

Қожа Ахмет жымыды. Сұлтан өз қарауындағы адамдар тыңдамай кетіп, биліктен айырылып қалам деп қорқады екен. Міне, бірнеше жылдан бері ол бұған қарсы айла-шарғы жасап келеді, мұның ілімі хақ жолындағылар мен шарифатты құрметтеушілерге лайықсыз деген өсек-аяң таратуда. Ұстаз басын шайқады.

Тобырдан тағы бір дауыс шықты. Бұл қазының қызметшісі Сәлім еді.

– Қожайын айтады, бізге көне жазуды үйрену түкке де керек емес, тек араб тілі ғана Алла тағала аяндарының тілі болып табылады дейді.

– Түркі тілі – біздің ата-бабаларымыздың тілі, – деді баппен баяулай сөйлеген Қожа Ахмет. – Бағзы замандардан бері көшпелілер табиғаттың түрлі құдайларына сыйынған. Бірақ бұл құдайлардың бәрі де бір Жаратушының бірегей көрінісі. Өз тәкаппарлығымен масаттанған сұлтан сендердің жүректеріңе хақиқат діннің бойлап кіруіне бөгет бола алмайды. Халық арысқа өзінің арыз-мұңын көп ғасырлар бойы далалықтардың барша қасіреті мен қан-терін сіңірген өз ана тілінде айтуы керек. Біз Құранды қастерлейміз, сонымен бірге ата-бабаларымыздың аруақтарына да сенеміз. Егер адам өзінің арымен жарастықта болса, Алла оның әрбір жалбарынған зар-тілегін естиді.

Адамдар шайықтың айтқандарын зейін қоя тыңдап, оның қарапайым әрі түсінікті сөздерінен медет пен мейір сезіне, құптап бастарын изеді. Өзінің әділ ақыл-кеңестерімен құрметті ұстаз жергілікті тұрғындардың ықылас-сенімі мен сүйіспеншілігіне бөленді. Алайда, оларға әсіресе ұнағаны – дәулетті де құрметті шайықтың көрші махаллада өздерімен қатар, аралас-құралас тұрып жатқаны, қолөнершілермен бірдей еңбек етіп, жай тамақты жейтіндігі болатын.

Өз ғұмырларының мән-мағынасына, адамдардың өзара ізгілікті қарым-қатынасына деген сенім олардың жүректерінен құдіретті сұлтан алдындағы үрейлерін ығыстырып шығарды.

– Ұстаз, алдағы мерекеде сіздің өлеңдеріңізді оқуға рұқсат етіңізші, – деді енді көңілдене түскен Тынышқұл. – Мен кәрі болсам да, халық алдында әлде де өнер көрсете аламын.

Топ ішінен сылқ-сылқ күлкі естілді. Ахмет жымыды:

– Әрине, оқы, құрметті Тынышқұл, – деп ол терең тыныстап дем алды.

Өз тыңдаушыларының санасындағы әрбір титтей өзгеріс оған үлкен қуаныш сыйлайтын, мұндай сәттерде ойшыл ғұлама өзін дұрыс жолға бағыттаған дана ұстаздарына алғыс-рахметін жаудыратын еді.

Қожа Ахметке осынау ізгі қызмет оңайға түспеді. Кеуделеріне нан піскен бай көпестер мен жергілікті әміршілер оның іс-әрекеттеріне үнемі наразы болды. Олар оның байлықтың опасыздығы мен әділдік хақындағы батыл ой-пікірлерінен шошып қалған-ды. Сөйтіп, өздеріне жайсыз тиген шайықтың сазайын тарттырмаққа бекініп, астыртын сыбайласты, осының салдарынан ұстаз өміріне талай рет қауіп төнді. Мінеки, сұлтан Ғамал әл-Мұраз да өз қызметшілерінің тіл алмағанына ашуланып, «кәпірді» жазалауды ұйғарды.

Бір күні Қожа Ахмет базар алаңынан үйге қайтып келе жатты. Маңайға ымырт үйіріліп қалған шақ болатын. Сол кезде оған сұлтанның жасауылдары тұтқиылдан тарпа бас салды. Олар ұстазды ұстаған бетте қала сыртына алып шықпақшы болып байлап-матап, жатаған аттың үстіне салды. Қарыса жабысқан қолдардан құтылуға әрекеттенген тұтқын жанталаса жұлқынып бақты. Бірақ сарбаздар



жіпті одан сайын қаттырақ қыса тартып, аттарын алыста қарауытқан қамалға қарай бағыттады. Соның қорған-қабырғаларының ар жағында су толы терең ор қазылғанды. Қарсылық жасауға дәрмені құрыған Қожа Ахмет басын көтеруге тырысып, жан-жағына қарап еді, маңайдан ешкім көрінбеді. Қараңғы түскен соң, махалланың тар көшелері мүлдем қаңырап бос қалған.

Салт аттылар тұтқынды тас дарбазаның сыртына алып шықты. Ирелеңдеген жолдармен жүріп өтіп, судың қасындағы қалың бұталы меңіреу түкпірге тоқтады. Осы арада олар өздерінің қара ниеттерін іске асыруға ыңғайланды. Кенет бұрылыстан бұзық топты шошытқан шағын жасақ шыға келді. Жасауылдар не істерге білмей сасқалақтап, тыпырши шыр үйірілді. Егер өтіп бара жатқан жауынгерлер шаһар сақшылары болса, бұларға өздерінің бұл арада неге жүргенін түсіндіру қиынға түсері белгілі. Ең басты түйткіл – байланған адам. Іле-шала даурығысқан сөздер естіліп, үріккен аттар көкке шапшыды, қиян-кескі шайқас салған жауынгерлер жасауылдармен ию-қию араласып кетті. Біреу тұтқынның байлауын шешіп, атқа отыруына көмектесті. Қараңғыда Қожа Ахмет өз құтқарушысының жүзін анық көре алмады.

– Ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі!

Ұстаз өз құлағына өзі сенбеді.

– Тәлхиз! – деп дауыстап жіберді ол.

Достар жан-жүректерімен құшақтаса кетті. Мүлдем жас кездерінде тағдыр екі тарапқа айырғаннан бері олар көп жыл бойы көріспеген еді.

Жасақбасы, ержүрек Тәлхиз досын іздеп келіп, үйінен таппаған соң, алдынан қарсы шыққан беті екен. Ол сұлтан жасауылдарының оны қалай ұстап алғанын көреді. Қалған оқиға бізге белгілі.

Жасақ қалаға бет алды, онда өз шайықтарының жоқтығына мазасызданған халық жиналып қалыпты.

Бұл шақта Қожа Ахметтің соңынан ерген избасар мүриттері көп еді. Оның басында туған ойлар жүздеген шәкірттері үшін жол көрсететін арқау жіптей болды. Ол басқа уағызшылар сияқты, көшпенді санасына түсініксіз әрі қатаң шарифат ережелеріне көзсіз мойынсұнуға шақырмады, қайта соларды







жергілікті әдет-ғұрыптар мен халықтың ойлау үлгісіне икемдеп бейімдей білді. Жұртты өзімен тең санайтын әділ шайық ретінде адамдар оған толассыз ағылып келіп жатты. Ешқандай зорлықшылықты қабыл алмайтын Қожа Ахмет қылыш жұмсамай-ақ, қантөгіссіз, екі ұлы ілімді – ислам мен сопылықты байланыстыра білді. Оның иландыруының арқасында әйелдерге көпшілікпен бірге намаз оқуға және туған тілінде құлшылық етіп жалбарынуға рұқсат етілді.

Ол Құран Кәрімді сахараның мәңгілік құндылықтарын құрметтей отырып түсіндірді. Дәл осыны замандастары жан-жүрекпен ұғып қабылдады. Халықтың әділ патша туралы арманы ұлы сопының көзқарасымен ұштаса өріліп жатты. Оның түсінігінде әмірші тәуипқты, дана һәм ізгілікті болуы керек. Халық сүйіспеншілігіне жалған уәделермен және сыпайылықты сақтау арқылы жету мүмкін емес. Береке-рахаттың арасынан сығалап тұрған жалғандықты өзіңді-өзің мадақтаумен һәм қамшылаумен әшекейлей алмайсың, жандағы қазымыр-қатыгездікті жалған күлкімен жасыру мүмкін емес. Міне, нақ сондықтан да, ұлы сопы әрі ойшыл, ақын әрі өсиеткер Қожа Ахмет Иасауидің әділетті жүрегі адамдардың сүйіспеншілігі мен түсіністігін өзіне баурап тартты. Ырду-дырду, аста-төк өмір кешкен әміршілермен және байлармен салыстырғанда өзгешелігі көзге ұрып тұрғандықтан, оның есімінен айналасына әулиелік қасиеті нұр шашты.

Өзінің «Диуани хикмет» аталатын ақындық туындысында Қожа Ахмет исламның басты парыз-қағидалары жайында әңгімелейді, өлең шумақтарында ол тақуалыққа, сабыр мен ұғыныстыққа шақырады. Жалпыадамзаттық құндылықтарды уағыздай отырып, дана ақын билігі шектен шыққан әміршілер мен дін үлемдерін әшкерелеп, сынайды. Бірінші кітап шариғатқа, екіншісі – тауарихқа, үшіншісі – хақиқатқа, төртіншісі – тарихатқа, яғни сопылықтың мұрат-мақсатына арналған.

*Сөзбенен кестеледім кітап ашып,  
Өр жүрек, сергек құлақ етсін нәсіп.  
Қорғансыз, ғаріп-қасер құрметі үшін  
Мастанып тойғандардан жүрдім қашық.*

Кітапта адамның адал және өтіріктен аулақ болуы керектігі жөнінде жазылады. Өзінің өлең шумақтарын ол «хикмет» деп атады. Алуан оқиғаларға толы ұзақ өмірінде ол төрт мыңға жуық хикмет жазған. Өкінішке орай, біздің заманымызға дейін солардың тек жетпісі ғана сақталған.

*Қағидатын түсірген Ол – Жарық нұр.  
Түнек түннен жарыққа ілбідім бұл.  
Аян сөзін қуалап жолдан-жолға,  
Сол тәрізді рахманнан қалмадым құр.  
Құдайды сүймес үйді жанап өттім,  
Әр жылын өмірімнің қонақ еттім.  
Құмарлық жемістері сықап тұрған  
Пәнидің жолдарымен мұнда жеттім.  
Он бір жаста «Алла» деп мен тіл қаттым,  
Сол кезде мейірімі жалғыз Хақтың  
Қуалап менмендікті бойымдағы  
Он екімде жалғанның құпиясын таптым.  
Кектену мен күншілдік, тәкаппарлық  
Менен сырт, күл астында жатыр қалғып.  
Жыл бойы жалбарынып сыйынғанда  
Өзімді жібергендей топырақ қып.  
Он бесте хор қыздары келді арсыдан,  
Жұмаққа шақырып олар сәлем қылған.  
Аңсауым хақиқатты басқа менің,  
Көруге Хақтың жүзін құмарланғам.  
Қасиетті аруақтар келді маған,  
Он алтымда бата алған болдым адам.  
Он сегізінші көктемім шадман қылып,  
Мұхаммед пайғамбардан хабар алғам.  
Он тоғыз жасымда алғаш зікір салдым,  
Хақиқатты білмекке сөз арнадым.  
Жазмыштан аттап, Арсы қақпасынан  
Көрдім жүзін Хақиқат – бір Алланың.*

Бізге ойшыл һәм ақынның басқа да еңбектері жетті. Соның бірі – «Мират ул-Қулуб», яғни «Жан айнасы» – өзінің шәкірті сопы Мұхаммед Данышменд Зарнуки жинаған Қожа Ахметтің рисалалары. Онда ислам мен сопылықтың негізгі

қағидалары, Алланы тану мақсатындағы тарихат пен мағрифаттың әдеби баяндалған.

Аңызға сәйкес, ақ шашты қария Қожа Ахмет қартайған шағында өмірден баз кешіп аулақтайды. «Мен Мұхаммед пайғамбарымыздың жасына жеттім, – дейді ол, – менің жаным одан артық емес, сондықтан, бұл дүниенің дидарын енді көргім келмейді».

Жақындары оған жер астынан баспаналы үңгір – қылует қазып береді. Үңгірге су мен ауа құбырлар арқылы келіп тұрған. Онда намаз оқитын орын болған. Сол жерде күннің шуағынсыз болса да, жанындағы жарық нұрмен кемеңгер дана өз еңбектерін жаза берген.

Қожа Ахметтің көптеген шәкірттері ұстаздарының жолын таңдап, өз уақыттарын зікірмен өткізіп, әуре-сарсаң өмірден бойларын аулақ салды. Зікір салушылар Құдайға тіл қатқан мінәжаттарында былай деді:

*«Ғұламаға кітап керек,  
Сопыларға дін керек.  
Жанымызды жарық нұрға толтыра көр, о, Алла...»*

Олар өз зікірлерінде жұмақтың жеті рахаты мен тозақтың тоғыз азабын жырға қосты.

Иасауидің бір шәкірті – көрнекті дін қайраткері, ислам дінінің қыпшақ даласындағы уағызшысы Сүлеймен Бақырғани болды, ол адамдарды рухани тазалыққа, ізгілік пен адамгершілікке шақырды. Оның «Бақырғани кітабы» атты еңбегі түркі тілдес халықтардың ортақ әдеби ескерткіші болып табылады.

Сондай-ақ, Қожа Ахметтің алғашқы шәкірттерінің бірі өзінің ұстазы һәм ақылшысы Арыстан Бабтың ұлы болғандығы да белгілі.

Тұрағы үңгірде болған ойшыл кітап жазуды одан әрі жалғастырып, фәни дүниедегі өмір мәні туралы ойларын қағаз бетіне түсіре берді. Күн көзін он жыл дерлік көрместен, ол осында қайтыс болды. Ұлы сопы өз Жаратушы иесіне өзінің ар-ұжданымен үйлесімде жүріп аттанды. Бірақ оның рухы біздің әрқайсымыздың бойымызда өмір сүруде, әрқайсымыздың жанымызда шапағат пен түсіністік ұшқыны





оянатындығына деген үмітпен мүлгуде. Өйткені, ұлы ұстаз өз ұрпақтарына сенеді.

Жастық шағын жорықтар мен шайқастарда өткізген, бірақ тіршілік қуанышын бәрібір таңдайымен татпаған ержүрек Төлхиз қартайған кезде сахараға кетіп, көшпелі бақташының тірлігін кешті. Ол өзінің жан дегенде жалғыз досы әрі бауыры Қожа Ахметтің «қайғы-қасірет адам жанын қатыгез етеді» деген сөздерін ылғи еске алушы еді. Өз заманының қатал заңдылығына бағынған ол көп қан төкті. Жауынгердің өмір жолын күзгі қара жаңбырдай суық адам көз жастары суарып жатты. Алайда, Төлхиз өз кәсібінің мәуелерін көре алмады. Сірә, әділет пен адам мейірбандығына семсермен және үшкір жебемен жетпесе керек.

Қарт енді мына бір жайды ойлады: міне, бүкіл өмірін ұрыс-шайқастарда өткізіп, өзіне жау ғана тапты, кектесушілер қаншама. Ал Қожа Ахмет қаруды бірде-бір рет пайдаланбай-ақ, көп адамдардың алғысына бөленді.

Қожа Ахмет исламдағы мистикалық танып-білудің «түркілік» жолын негіздеді. Оның жанды атаулының бір болмыстылығы, Құдайды танып-білу үрдісінің өзіндік сана-сезіммен теңдігі, Құдайды пайымдау және онымен тіл қатысу орайында рухани өсу қажеттілігі туралы ой-мұраттарынан халықтық дүниетанымға бейімделу байқалады. Қарапайым бұқараға түсінікті де жақын көркем сөздің асқан шебері күллі түркі халықтарына ұлы мұра қалдырды. Қыпшақ диалектісінде жазылса да, әлі күнге дейін барлық түркілер «хикметтердің» мәтінін тәржімесіз оқиды.

Қожа Ахметтің аты әдеби еңбектерімен ғана шығып қойған жоқ. Мақамды әуезімен тыңдаушысын таңдандыра, жұрт алдында жүйрік тілді ақындар айтысып сайысқан кезде оған теңдес болмады. Ол өз әуен-сазын ойнаған кезде бейне ішектей тартылған сайын даланың өзі қарапайым қайырымдарды жусанның кермек иісімен толтыра, көшпелі өмірдің қуаныш-қайғысы жайында толғап тұрғандай болатын.

Біздің халқымыздың тамыры терең, тарихы бай. Ғасырлар шымылдығын түріп, біз бір замандарда ата-бабаларымызды дүниеге келтіріп өсірген, адамдар сүйген және қасірет шеккен, тәуелсіздік үшін күрескен мыңжылдықтар бесігіне үңілдік. Олар ақиқатты тани білді және бізге тіршіліктің ұлы даналығын өсиет етіп қалдырды.

## Ғасырлар тыныс алғанға

Осынау оқиғалар болғалы да көп замандар өтті. Әміршілер мен діни ұстаздар ауысты, басқыншылар мен қанқұйлы патшалар келмеске кетті, ақындар өз халқының шаттығы мен мұңын жырға қосып, аңыздар мен әфсаналарды ауыздан ауызға таратты, ұрпақтан ұрпаққа жеткізді. Тек сайын дала ғана бұрынғысынша көктемде мың құлпырған көкорайға бөлініп, өзінің мәңгілік асыл құндылықтарын жайқалта берді.

Дүниеге он төртінші ғасыр қадам басты. Жат жерлерді басып алып, жазықсыз қан төккен, өз күшіне сенімді, өр көкірек Ақсақ Темір құдіретті Алтын Орданы жеңгенін мерекелеп тойлады. Бірақ қаһарлы әмірші бір беймаза күй кешті. Жат қоныстарға қанша ойран салғанымен, ол сахаралықтардың жанын бағындыра алмаған еді. Өзі қырғынға ұшыратқан адамдардың аруағы алдындағы күнәсін сезінуі жүрегіне зіл салмақ түсіріп жаншыды, Ақсақ Темірді ой азаптап, көп толғанатын болды.

Бірде ол Түркістаннан өтіп бара жатып, кемеңгерлігіне еріксіз сүйсінген Қожа Ахмет Иасауидің бейітін көрді. Сол кезде Ақсақ Темір жан тыныштығын табу үшін осы арада есімі ел есінде сақталған ұлы ақын һәм ойшылға ескерткіш-кесене тұрғызуды ұйғарды. Кесене құрылысына ондаған мың құлдар мен жауынгерлер жегілді, жұмыс күндіз-түні тоқтамады. Қалаға ортағасырлық Шығыстың таңдаулы шеберлері мен сәулетшілері ағылып келіп жатты. Күйдірілген кірпішті әперіп тұру үшін мыңдаған адамдар бір қатарға тұрды. Іргетасты ат тұяғымен нығыздап бекітті.

Қазір осынау қасиетті қабырғаға келушілерге Қожа Ахмет қабірінің үстіндегі мазардың қалай салынғандығы туралы мынадай аңыз айтылады: «Жұмысшылар қабырғаларды көтерсе-ақ болды, тас қараңғы түнде үлкен жасыл өгіз келеді де, тұрғызылғанның бәрін мүйіздеп құлатып тастайды. Ғимаратты қайтадан сала бастайды, арқалықтары мен күмбездерін де шығарады. Бірақ түнде тағы да әлгі өгіз келіп құрылысты күл-талқан етеді. Сонда Темір ойланады. Түсінде



оған бір ақсақалды қария келіп, әміршіге Ахмет Иасауидің әуелі оның алғашқы ұстазы Арыстан Бабтың қабіріне мазар тұрғызсын деген қалауын жария етеді. Бұл шартты Ақсақ Темір ықыласпен орындайды. Тек содан кейін ғана Түркістандағы кесенені ойдағыдай салып, аяқтап шығады».

Көне заманның аса айбынды ғимараттарының бірі он жыл бойы салынды. Құрылысқа Самарқаннан келген шебер Ұбайдулла Садыр басшылық жасады. Оның есімі де аңызбен аяланған. Аңыз бойынша, өз шеберлігіне сүйсінгені сонша, ол кесененің ең биігіне шығып алып, жерге түспей қойған дейді. Аңыздың айтуынша, ақыры ол сонда өліп, адамдар оның денесін кесене қабырғаларының біріне қоса қалаған екен.

Қожа Ахмет Иасауи мешітінің қабырғаларына жанасқан өркімнің кісілік ұлағаты еселеп ұлғаяды. Зиярат етушілер бастарын қайырып, отыз тоғыз метр биіктікте асқақтаған күмбезге сұқтана қарайды. Ғимараттың іргетасының тереңдігі де осындай. Күйдірілген кірпіштен өрілген ғаламат зор тік бұрышты қабырғалардың қалыңдығы үш метрге дейін жетеді. Толып жатқан әр мақсаттағы бөлмелер де ескерілген: кітапхана, асхана, намаз бөлмесі, кеңсежай...

Мешіттен сәл арырақ қазақ хандары мен батырларының, ұлы тұлғаларының сүйектері жай тапқан: Есім хан, Әбілқайыр хан, оның әйелі – атақты Ұлықбектің қызы, Ақсақ Темірдің шөбересі Рабиға Сұлтан Бегім, Абылай хан, Қазыбек би, Жәнібек батыр және басқалар.

«Әзірет Сұлтан» кесенесі деп аталатын Қожа Ахмет Иасауи кесенесі – ортағасырлық Қазақстан сәулетінің ғажап туындысы, міне, алты ғасырдан бері ғалымдарды өз құрылысының сиректігімен және тылсым құпиясымен таңдандырып келеді.

Үлкен салтанатты зал Орта Азияда сақталғандардың ішінде ең ірі әуедегі шошақ күмбезбен жабылған. Залдың ортасында сыйымдылығы үш мың метрлік үлкен салт-жоралық тайқазан орналасқан. Қазанның салмағы екі тоннаға жуық, орнынан жүз адам әзер жылжытады. Оның беті өсімдік ою-өрнектері аясындағы үш қатар бедерлі жазулармен әшекейленген. Жоғарғы жазу су құюға арналған бұл қазан Ақсақ Темірдің кесенеге тартқан сыйы екенін паш етеді. Оның астында: «Алла жарылқасын» деп жазылып, жасалған жылы мен шебердің

есімі – тебриздік Әбд ул-Әзиз ибн Шараф әд-Дин деп көрсетілген. Төменгі жазуда «Алла патшалығы» деп айтылған.

Қазанның кертпештене дөңгелей алмасқан, гүл жапырақшалары түріндегі тұтқа-құлақтары сондайлық көрікті. Ондағы су шипалы әрі ешқашан температурасын өзгертпейді. Өйткені, аңызға жүгінсек, ұста Әбд ул-Әзиз оны жеті металдың: темір, мырыш, қорғасын, қола, қызыл мыс, алтын мен күмістің қоспа қорытпасынан құйып шыққан. Бұл балқыма судың сууына мұрсат бермейді.

Қазанның тағдыры да таңғажайып. 1935 жылы оны Эрмитажға алып кеткен. Тек 1989 жылы ғана екі тонналық жәдігер Отанына оралып, Ахмет Иасауи кесенесіндегі өзінің тарихи орнын алды.

Қазандықтың сыртында көрхана орналасқан. Сол көне замандарда-ақ көптеген зияратшылар мен жергілікті ел-жұрттың қайыр-садақаларының арқасында ол әлемнің ең бай сағаналарының біріне айналды. Алтын Орда ханы Тоқтамыстың Түркістанға бірнеше рет шабуыл жасап, кесенені талап-тонауы тегін емес.

Осында жай тапқан Ахмет Иасауи аруағының мекен-тұрағы болған сағана замандастар жазбаларында раудат – пейіш бағы деп аталады. Шынында да, пейіш бағындай етіп безендірілген ішкі-сыртқы көркі көрген адамның көзін сүйсіндіреді. Көрхананың ортасына құлпытас орнатылған. Ол құлпытас Үндістаннан әкелінген қаракөк нефрит тасынан қашалған. Биік құлпытасқа жақындап жанасқан кезде көптеген қолдардың жылуын сезуге болады.

Қожа Ахмет Иасауи кесенесі тек сағана ғана емес, сонымен бірге ол медресе, мешіт қызметін де атқарады. Онда Жолбарыс хан дәлізі арқылы «қазандық» бөлмесінен өтуге болады. Сондайда өз шәкірттеріне халқының тарихын баяндау үшін ұлы ұстаз әне-міне кіріп келердей боп көрінеді.

Көптеген зияратшы қажыларды өзіне баурай тартқан айбынды кесене алты ғасырдан бері асқақтап тұр. Мұсылмандар Қожа Ахмет Иасауи бабаларын нұр-шапағат сыйлаған қасиетті әулие ретінде құрметтейді. Киелі кесене қасында әжелердің көздері мейірімге толып, ақсақалдардың сөздеріне даналық дариды.

«Әділ болыңдар, ғаріп-қасерге көмектесіңдер, жақындарыңды жақсы көріңдер, ғаделетпен жүріңдер» – көп ғасырлар бұрын дана ақын айтқан осы қарапайым сөздерді мұғалімдер мен ұстаздар аузынан қазір де естуге болады. Өмірде адамның ажырамас серігі болатын нағыз құндылықтардың өз кескін-кейпін ешқашан өзгертпейтіні сондықтан шығар.





Ғасырлар қойнауынан дана абыз өз ұрпақтарына сәл күлімдеп, кешірімді әрі түсінгіш нұрымен, аялай көз салады. Өзіміздің кемшілік-күнәларымызбен, мейірімсіздігімізбен әулие бабаларымызды қашанғы қапаландыра бермекпіз. Бәлкім, пәни дүниенің өткінші жалғандығы мен рухтың мәңгілігін танып-білген соларға бір сәт құлақ қойып, тоқтап, тыным табармыз. Сонда тылсым ақиқаттың нұр шапағатты жарық сәулесі біздің жүректерімізге де себездер, бәлкім...



## *Құрметті оқырмандар!*

«Шығыстың ұлылары» атты топтама кітаптары күні бүгінге дейін балалар көркем әдебиетінде нақтылы айтылмаған ұлы адамдардың өмірімен таныстырады. Топтама ірі тарихи оқиғаларды, маңызды қозғалыстарды, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды және ұлы тұлғалардың, қағандардың, батырлар мен ғалымдардың, ойшыл-ақындардың өмір жолын қамтиды. Сонымен қатар әдеби шығармалар балалардың туған жеріне, халқына, тарихына ыстық сүйіспеншілік сезімдерін оятып, ұлы ата-бабаларының асыл мұраларын құрметтеп, Отанына деген мақтаныштарын арттырады.

**Баспа жобасының жетекшісі**  
*Қ. Раимбеков*

**Авторы**  
*Байниетова Сәуле*

**Кеңесшісі**  
*Философия және саясаттану институтының директоры,  
ҚР ҰҒА академигі, Философия ғылымының докторы,  
профессор Нысанбаев Әбдімәлік*

**Суретшісі**  
*А. Құрманғалиев*

**Бас редакторы**  
*Қ. Байгабылова*

**Көркемдеуші редакторы**  
*Е. Козлова*

**Редакторы және корректоры**  
*Н. Сламбекова*

**«Аруна» баспасының дизайн орталығы**  
*М. Моминов*

*Қазақстан, 050000, Алматы, Чайковский көшесі, 190/184, 23-кеңсе  
Тел./факс: (727) 2 72 84 11, 2 72 84 21. E-mail: aruna\_ltd@mail.ru*

*Көтерме бағамен сатып алу үшін «Аруна» баспасының сауда бөліміне  
хабарласу қажет. Тел./факс: (727) 2 72 84 11, 2 72 84 21  
E-mail: aruna\_ltd@mail.ru*

*Осы және басқа кітаптарды кітап-поштаға тапсырыс жасау арқылы да  
алуларыңызға болады. E-mail: aruna\_ltd@mail.ru*

*Пішімі 60x90 1/8. Офсетті қағаз. Қаріп түрі «Школьная».  
Шартты баспа табағы 12. Есепті баспа табағы 18  
Таралымы 10 000 дана*

**«IntellService»** баспаханасында басылған